


ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

2(10)2025



ӘОЖ 94(574)

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АЛТЫН ОРДАНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Ә.Қ. Мұқтар, А.Ж. Жумабаев

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақала Атырау өлкесіндегі Алтын Орда дәуірінің тарихи-мәдени ескерткіштері және олардың зерттелуіне арналған. Бүгінде елімізде тарихи-мәдени мұраларды сақтау, оларды қорғау, насихаттау және зерттеу барысында үлкен көлемді жұмыстар жүріп жатыр. Басты мақсат ата-бабамыздың бай мұраларын болашақ ұрпаққа жеткізу және өзіндік болмысын сақтау болып табылады. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі бұйрығына сәйкес, Атырау облысының 4 тарихи және мәдени ескерткіштеріне республикалық маңызы бар ескерткіш статусы берілген: 1943–1948 жылдары салынған Мұнайшылар тұратын қалашығы (Ансамбль мен кешен), 1880–1898 жылдары қаланған Жұбан кесенесі (Қала құрылысы және сәулет), Ақын, 1836–1838 жылдардағы көтеріліс басшысы Махамбет Өтемісовтің жерленген орны (киелі нысан), XIII–XVI ғасырлардағы ортағасырлық Сарайшық қаласы (археология). Облысымыздағы тарихи-мәдени ескерткіштер қатарында алтынордалық мұралар лайықты орын алады. Оларға Сарайшық, Ақтөбе-Лаэти, Ұшқан қалалары мен Таскешу керуен-сарайы жатады. Жақында олардың қатарына «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ғалымдарымен археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген және экспедициялық ізденістер жасалған Қарағайлы, Ащысай қалашықтары, Күліш керуен-сарайы қосылды.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеудің дереккөздері ретінде «Сарайшық» музей-қорығында сақталған соңғы зерттеу есептері мен материалдары, сондай-ақ арнайы басылымдарда жарияланған зерттеулер пайдаланылды. Жұмыстың әдіснамалық негізін ғылыми-тарихи танымның объективтілік, тарихилық, жүйелілік және нақтылық сияқты негізгі қағидаттары құрайды. Зерттеу әдістемесі тарихилық пен жүйелілік қағидаттарына негізделген тарихи-диалектикалық тәсіл болды. Археологиялық материалдарды зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи талдау қолданылды.

Тірек сөздер: Алтын Орда, Сарайшық, Ақтөбе-Лаэти, Таскешу, Ұшқан, Қарағайлы, Ащысай, Күліш керуен-сарайы

Сілтеме жасау үшін: Мұқтар Ә., Жумабаев А. Атырау облысындағы Алтын Орданың тарихи-мәдени мұралары, олардың зерттелуі // MUSEUM.KZ. 2025. №2 (10), 27–37 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.10.02

Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған гранттық қаржыландыруы бойынша № AP19678171 «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII–XVI ғғ.)» жобасы аясында дайындалды.

ИССЛЕДОВАНИЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ В АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

А.К. Муктар, А.Ж. Жумабаев

Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшық» (Казахстан)

Аннотация. Статья посвящена историко-культурным памятникам эпохи Золотой Орды в Атырауском крае и их изучению. Сегодня в стране ведется большая работа по сохранению, защите, пропаганде и изучению историко-культурного наследия. Главная цель – передать богатое наследие наших предков будущим поколениям и сохранить свою идентичность. Приказом Министерства культуры и спорта РК от 14 апреля 2020 года 4 памятника истории и культуры Атырауской области получили статус памятника

республиканского значения: построенный в 1943-1948 годы город Нефтяников (Ансамбль и комплекс), построенный 1880-1898 годы мавзолей Жубана (градостроительство и архитектура), место захоронения поэта, одного из руководителей восстания 1836-1838 годов Махамбета Утемисова (сакральный объект), средневековый город XIII–XVI веков Сарайшык (археология). Среди историко-культурных памятников области достойное место занимает золотоордынское наследие. К ним относятся города Сарайшык, Актобе-Лаэти, Ушкан и караван-сарай Таскешу. Недавно к их числу добавились городища Карагайлы и Ащысай, а также караван-сарай Кулиш, где археологические раскопки и экспедиционные исследования проводили ученые Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшык».

Материалы и методы исследования. Материалами исследования стали последние отчеты научно-исследовательских работ и материалы, хранящиеся в музее-заповеднике «Сарайшык», а также исследования, опубликованные в специальных изданиях. Методологическую основу работы составили такие основные принципы научно-исторического познания, как объективность, историчность, системность и конкретность. Методология исследования представляла собой историко-диалектический подход, основанный на принципах историчности и системности. При изучении археологических материалов использовался сравнительно-исторический анализ.

Ключевые слова: Золотая Орда, Сарайшык, Актобе-Лаэти, Таскешу, Ушкан, Карагайлы, Ащысай, Кулиш караван-сарай.

Для цитирования: Муктар А.К, Жумабаев А.Ж. Историко-культурное наследие Золотой Орды в Атырауской области, их изучение // MUSEUM.KZ. 2025. №2 (10), с. 27-37. DOI 10.59103/muzkz.2025.10.02

STUDY OF HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE OF THE GOLDEN HORDE IN THE ATYRAU REGION

A.K. Muktar, A.Zh. Zhumabaev

The State Historical and Cultural Museum-Reserve «Saraishyk» (Kazakhstan)

Abstract. The article is devoted to the study of historical and cultural monuments of the Golden Horde epoch in the Atyrau region. Today, a lot of work is being done in the country to preserve, protect, promote and study historical and cultural heritage. The primary objective is to ensure the continuity of our ancestral legacy and to safeguard our cultural identity for posterity. There are 4 historical and cultural monuments of national significance, approved by the order of the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan dated April 14, 2020, were registered in Atyrau region: oil city (Ensemble and complex) built in 1943-1948, the mausoleum of Zhuban (urban planning and architecture) 1880-1898, the burial place of the poet Makhambet Utemisov 1836-1838 uprising (sacred object), and the medieval town of Saraishyk (archeology) of the XIII–XVI centuries.

The Golden Horde heritage occupies a worthy place among the historical and cultural monuments of the region. Among these are the cities of Saraishyk, Aktobe-Laeti, Ushkan and Taskeshu caravanserai, which are currently the focus of research and which have gained global recognition. These included the city of Karagaily, Ashchysai, and the Kulish caravanserai, where scientists from the State Historical and Cultural Museum-Reserve «Saraishyk» have recently conducted archaeological excavations and conducted expeditionary surveys.

Research materials and methods. Recent research reports and materials stored in the Saraishyk Museum-Reserve, as well as research published in special publications, were used as sources of research. The methodological basis of the work consists of such basic principles of scientific and historical knowledge as objectivity, historicity, consistency and concreteness. The research methodology was a historical-dialectical approach based on the principles of historicity and consistency. Comparative historical analysis was used in the study of archaeological materials.

Keywords: Golden Horde, Saraishyk, Aktobe-Laeti, Taskeshu, Ushkan, Karagaily, Ashchysai, Kulish caravanserai.

The article was prepared within the framework of the project “Astanalyk Sarayshik in the context of the historical and cultural heritage of Jochi Ulysses (13th-16th centuries)” within the framework of grant funding from the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2023-2025 No. AP19678171.

For citation: Muktar A.K., Zhumabaev A.Zh. Historical and cultural heritage of the Golden Horde in Atyrau region, their study // MUSEUM.KZ. 2025. №2 (10), pp. 27-37. DOI 10.59103/muzkz.2025.10.02

Кіріспе. Атырау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 14 қыркүйегіндегі №19 қаулысымен бекітілген жергілікті маңызы бар 313 тарих және мәдени ескерткіштер есепке алынған. Олар: қала құрылысы және сәулет ескерткіштері - 21, монументтік өнер құрылыстары - 47, ансамбльдер мен кешендер - 64, киелі объектілер - 10, археология ескерткіштері – 171. Соңғы жылдары облыс бойынша 1128 ескерткіш алдын ала есепке алу тізіміне қосылған. Олардың қатарында 1999 жылы ашылған монументтік өнер «Хан ордалы Сарайшық» мемориалдық кешені, Сарайшық қорымы (Ансамбльдер мен кешендер) бар. Бүгінгі таңда Сарайшықтың 99 га, Ақтөбе-Лаэтидің 57,4 га, Таскешудің 4,6 га негізгі аумағы бекітілді. Болашақта Ұшқан, Ащысай мен Қарағайлының, Күліш керуен сарайының қорғау аумақтары жасалмақ. Сонымен соңғы жылдары аталған ескерткіштер орындарында атыраулық ғалымдардың жетекшілігімен кешенді зерттеулер жүріп жатыр [Ахметова және т.б. 2021; Научный отчет об археологических... 2022; Ахметова және т.б. 2022; Ахметова және т.б. 2023а; Касенов және т.б. 2023].

«Сарайшық» музей-қорығы ғалымдары ашқан Қарағайлы, Ащысай қалашықтары, Күліш керуен-сарайы туралы зерттеулер нәтижесінде ғылыми айналымға түсіп, зерттеушілердің назарын аудартты [Ахметова және т. б. 2023б; Ахметова және т. б. 2023в; Петров және т.б. 2022; Петров және т.б. 2023; Мұқтар және т.б. 2023].

Талқылау. Алдымен Шығыс пен батысты байланыстырған керуен сарайларды саралайық. Атырау облысында бүгінге дейін Таскешу керуен сарайы зерттеліп келді. Белгілі дәрежеде оның материалдары ғылыми зерттеулерге енгізілді. Оған археолог М. Касеновтың зерттеулері себеп болды. Ескерткіш Қазақстан жеріндегі керуен сарайлардың ішіндегі күйдірілген қыштан салынған жалқы құрылыс [Касенов, 2019].

Табылған жәдігерлер керуен сарайдың сырлы плиталармен әшекейленгенін көрсетсе, құландылардың көлемі қабырғалардың биік болғандығын байқатады.

Таскешу керуен сарайындағы археологиялық қазба жұмыстары 2008 –2024 жылдар аралығында, бірнеше үзілістермен жүргізілген. Араға уақыт сала керуен сарай бөлмелерінің есіктері кірпішпен қаланып бітелген. Қақпада қаланып жабылған. Құланды кірпіш сынықтары қақпа алдына көбірек күйілген. Демек керуен сарай қызметін доғарған соң, есік – терезе, қақпаны қожайындары бітеп тастаған. Жәдігерлердің аз кездесуіне де негізгі себеп осы болды. Қараусыз қалған ғимарат жылдар өте табиғи факторлардың әсерімен және Жетібай зиратына кесене салу үшін біртіндеп бұзыла бастаған.

2023–2024 жылдары керуен сарайдың 23 бөлмесі ашылып, жобасы жасалды. Сонымен бірге Таскешу құландыларынан керуен сарайдың сыртқы төрт бұрыштары диаметрі - 3,60 м болатын дөңгеленген шығыңқы мұнаралары анықталды (Сурет 1). Керуен сарайдың сыртқы батыс қабырғасының орта тұсында да жарты шеңбер түрінде жасалған мұнара бар. Демек, керуен сарай қабырғалары орта тұсынан да мұнаралармен нығайтыла бекітілген. Бұл мұнара қамал сыртына - 1,80 м шығып тұрады.



Сурет 1. Таскешу керуен-сарайының әуеден түсірілімі


Мұнараны қалауға арнайы трапеция пішінде басылған қыш кірпіштер пайдаланылған. Керуен сарайдың іргетасын жерді – 12 см-дей қазып кірпіштен қалаған. Іргетасқа қаланған кірпіш көлемі: $30 \times 30 \times 5$ см және $30 \times 15 \times 5$ см.

Қақпа керуен-сарайдың оңтүстік жағында, ортасында орналасқан. Қақпаның екі жағында, керуен сарайдың қасбетіне шығыңқы, сақталған биіктігі – 95 см дейін жететін портал пилондары ашылды. Олар көлемі: $28 \times 28 \times 5$ см және $28 \times 14 \times 5$ см болатын қыш кірпіштерден тұрғызылған. Бұл керуен сарай тұрғызылған әдеттегі кірпіштен көлемі кішірек. Соған қарағанда керуен сарай қақпасы кейінірек салынған [Касенов, 2019: 10].

2023 жылы Таскешу мен Сарайшық аралығында, Жайық өзенінің сол жақ бетіне жүргізілген археологиялық барлау нәтижесінде Күліш құдығынан шығысқа 10 км жерден жаңа археологиялық ескерткіш Күліш керуен-сарайы анықталды. Бұл керуен-сарай Таскешуден 135 км шамасында, Ортағасырлық Сарайшық қаласынан солтүстік-шығыс – шығыс бағытта 22 км жерде орналасқан. Ескерткіш барлық сипаттамасы бойынша сауда керуен жолдарындағы керуен-сарай ғимаратына сәйкес келеді. Географиялық координаты: N $47^{\circ} 33.966'$; E $52^{\circ} 01.103'$. Жаңа ескерткіш Күліш керуен-сарайы деп белгіленді [Ахметова және т. б. 2023а: 16].

2023 жылы магниттік түсірілім жасалды. Ескерткіш орнын зерттеген Шығыс Қазақстан тарихи-өлкетану музейінің маманы, т.ғ.к. А.А. Пушкарев: «Караван-сарай Кулиш по классификации Э.Д. Зиливинской является открытым (дворовым), однодворовым. По форме – прямоугольный, размерами 27×32 м. В центре стены, направленной на юго-запад, имелся единственный вход. У караван-сарая Кулиш имелись две башни, расположенные по углам стены со входом. Диаметр башен около 3 м. В караван-сараяе Кулиш выявлено 17 помещений, в одном из них, возможно, имеется перегородка, разделяющая его на 2 части. 12 помещений были жилыми, 2 помещения у входа также скорее всего также были жилыми, но могли выполнять и иную функцию (мечеть? кузница?). Вдоль противоположной от входа стены располагались 3 помещения, которые отличаются от остальных большей площадью, вероятно, имевшие хозяйственное или смешанное (хозяйственно-жилое) назначение [Пушкарев 2023: 16].

Двор караван-сарая Кулиш прямоугольной формы 19×21 м.» деп көрсетеді. Жаңа керуен-сарай болашақта ел тарихынан жаңа деректер береді деген ойдамыз (Сурет 2).



Сурет 2. Күліш керуен-сарайының жоспары

Осылайша Атырау облысында нақты дәлелденген екінші керуен сарай орны анықталды.

Алтын орда заманында Жайық өзенінің Бұқар бетінде ел атап кеткен Ақтөбе қаласы орын тепкен. Қала орнын 1861 жылы алғаш зерттеген Орал әскерінің сызба бөлімінің меңгерушісі штабс капитан А.Е. Алексеев жергілікті қазақтардың қаланы моңғолдың портты қаласы болғанын хабарлағанын жазады. Зерттеуші пікірінше, кейін қаланы теңіз суы басқан [Алексеев, 1867: 2-7].

Кеңестік кезеңде қала орнын зерттеген археолог Л.Л. Галкин XIV ғасырдағы италияндық-генеуездік жол картасында көрсетілген қолжазбадағы «Лаэти» атты қаламен баламалайды. Содан Ақтөбе Лаэти қосымшасымен осылай атала бастады [Галкин және т.б., 1978:511]. Дегенмен зерттеушілер оған күмәнмен қарады. Олар қаланы Жайық атауымен байланыстырады.

2024 жылы Атырау қаласында 23 қарашада өткен Халықаралық ғылыми-тәжірибелік «Ақтөбе-Лаэти мен Атырау қалаларының тарихы: Жаңа көзқарас» – конференциясы да мәселені зерделей түсті. Мәселен Ресей ғалымдары И.В. Волков пен Л.Л. Галкин тұжырымдамасына негіз болған Франческо мен Доминико Пициганидің 1367 жылғы картасын өзге ортағасырлық карталармен салыстырады. Ғалым еуропалық картографтардың Жайық ағысын толыққанды зерттемегенін және олардың атауларды өздерінше атағанын, соның ішінде Азак немесе Азовты «Тана», Донды «Танай» деп жазғанын атап көрсетеді. И.В. Волков зерттеуші Р.Ю. Реваның XIY ғасырдың бірінші жартысындағы Омаридың Хорезм мен Сарай аралығында екі қала болды деген пікірін талдайды. И.В. Волков Реваның Тизенгаузеннің екі қаланы Хиуа мен Құтылукент деп көрсеткенімен келіспей, ол қалаларды «Вачик (Үйшік) және Құтылукент» деп нақтылағанына назар аударады. Сонымен Ресей ғалымы Ақтөбе – Үйшік – Гурьев қалаларының атауы ортақтығын жоққа шығармайды. Дегенмен Үйшік сол маңдағы басқа алтынордалық тұрақ болуы мүмкін деп те жазады [Волков, 2024:24-25]. Қалай десек те ізденіс алда болуы керек.

Сонымен әзірше Ақтөбе-Лаэти аталған қала орны, Атырау қаласының солтүстік-шығысында 6 км Томарлы ауылынан шығыста 2 км. қашықта. Қала орнында 1974-1983 жылдары Л.Л. Галкин, 1989-1991 жылдары З. Самашев зерттеу жүргізді. Кейін оны артыраулық археолог М. Қасенов ұйымдастырды.

Ескерткіш көлемі: 400 х 300 метр, солтүстіктен оңтүстікке созылып жатыр (Сурет 3). Мәдени қабатының қалыңдығы 15-60 см. ол тұтас қолөнершілік кешені болған. Оған жасалған қазба жұмыстар қоныстың пайда болуы, халқының этностық түрі туралы ақпарат береді. Жүргізілген археологиялық зертеулер қаланың XIII ғ. басынан XIV ғ. соңына дейін тіршілік еткенін анықтады. М. Қасенов өз зерттеуінде: «Бұл қазбаның көлемі мен үй жайлардың құрылысы және жиналған жәдігерлерді сараптау арқылы, біз қаланың бұрын кішкене қалашық деп келген көзқарастан арылды. Зертеулерден қала аумағының бұрынғы көлемінен, екі есе үлкендігі анықталды. Көптеген жәдігерлер табылды. Қала Алтын Орда кезеңінде дамыған, гүлденген қала болған» деп қорытады [Касенов, 2012:42-54].



Сурет 3. Ақтөбедегі қазба орындарының әуеден түсірілімі

Ортағасырлық Сарайшық археологиясы тарихы сонау XIX ғасырдан бері жүргізіліп келеді. Дегенмен кәсіби мамандардың қала орнына келуі кеңестік кезеңнен бастау алады. 1937 жылы Арзютов, 1950 жылы Ә. Марғұлан, кейін Л. Галкин, 1989-2018 жылдары З. Самашев жетекшілігімен зерттеулер жүргізілді. Бүгінде қазба жұмыстары М. Касенов, Ұ. Ахметова, Ә. Мұқтар басшылығымен жалғасуда.

2018 жылдан бері Сарайшықтың 8800 м² жеріне қазба жұмыстары жүргізілуде. Атап өтсек:

«Хан моласында» 32х25 м² (800 м²)

№1 қазба 40х20 м² (800 м²)

№2 қазба – 68х25 м² (1700 м²)

№3 қазба 40х15 м² (600 м²)

№4 қазба 20х15 м² (300 м²)

№6 қазба 46х35 м² (1 600 м²)

№12 қазба 75х40 м² (3000 м²)

2021 жылы Сарайшықтағы «Хан моласы» нысанынан қазба жұмыстары барысында екі элиталық сағана ашылды (Сурет 4). Сағанадан табылған адам сүйектерінен бір ғылыми үлгі алынып, радиоқөміртек әдісімен жасын анықтау үшін Вильнюс қаласындағы «Barnas» компаниясының зертханасына жіберілді. Ғылыми үлгімен жұмыс жасаған маманның талдауы сүйекті б.з. 1413–1474 жылдарымен мерзімдеді. Сүйектің жасы 457±30 жыл көрсетті. Яғни, шамамен XV ғасырдың ортасына сәйкес келеді. Сүйектегі көміртегінің тұрақты изотопы мөлшерден аз, азоттың тұрақты изотопы мөлшерден көп болуы бұл индивидтің малдың етін, балық етін, сүтті тағамдарды көп тұтынғанын көрсетеді. Ал, көкөністермен өте аз тамақтанған [Мұқтар және т.б. 2022: 186–196].



Сурет 4. Сарайшық. «Хан моласы». Көрхана.

2024 жылы Сарайшықтағы археологиялық қазба нәтижесінде құрылысы ерекше сәулетті сағана табылды (Сурет 5). Сағананың аркалы күмбезделіп жабылған түрі Сарайшық қазбаларында алғаш кездесіп отыр. Сонымен қатар, бұл құрылыстың алдын-ала қазылған шұңқыр ішіне салынғаны дәл анықталып отыр. Бұл тәсілмен салынған құрылыстардың зерттелуі жаңа материалдар беруі әбден мүмкін. Сарайшықтан XIII ғасырдың басына жататын Хорезмшах Мұхаммед ибн Текештің Хорезм қаласында соғылған тиыны алғаш табылуы қазба тарихында жаңалық болып отыр (Ахметова және т.б. 2024).



Сурет 5. Сәулетті сағананың әуеден түсірілімі

Келесі кезекте жаңадан ашылған Қарағайлы, Ащысай қалашықтарына тоқталсақ.

Қарағайлы қаласы Ащысай өзенінің қазіргі кезде кеуіп қалған арнасының бойынан анықталды. Сарайшық ауылынан батысқа 20 км. Таңдай ауылынан оңтүстікке 15 км жерде орналасқан. GPS координаты: N 47° 24,544'; E 51° 29,187'.

Ескерткіштің аумағы шамамен 1000×1000 м. Беткі қабаттан мыс тиындар, моншақтар, қызыл, сұр балшықты, сырлы қыш ыдыстар сынықтары көп кездесті. Мал сүйегі мен метал, шыны қалдықтары да көп шашылған. Нефриттен өңдеп жасалған сәндік жапсырмалар, Өзбек ханның атынан шығарылған бірнеше пұлдар бұл қаланың сауда керуен жолында орналасқанын дәлелдейді. Шығыр ыдысы сынығы өзекеден су шығарумен айналысқанын көрсетеді. 2 қыш ыдыс тұтқасынан оны жасаған шебердің «айқыш» таңбасы анықталды. Сырлы қыш ыдыс сынықтарының ою-өрнегін безендіру «резерв» әдісімен алынғаны

байқалады. Бұл әдістің негізгі мәні – саздан жасалған бұйымға сызып сурет салынады, содан кейін сызбаның үстінен май немесе балауыз қабат жағылады, ал бұйымның қалған бөлігі сырмен сырланады. Қыш бұйымды күйдіргенде май түріндегі органикалық заттар жанып кетеді де, сызбаға немесе суретке сыр тимей саздың түсінде қалады. Ал оның айналасы түрлі-түсті сырмен сырланған боп шығады [Ахметова және т. б. 2022: 47а].

Ащысай қаласы Сарайшық ауылынан батысқа 13 км қашықтықта. Ащысай (Солянка) өзегінің сол жағалауында орналасқан. Шығыс және оңтүстік-шығыс жағында егістік орны бар. GPS координаты: N 47° 28,789'; E 51° 32,289'. Көлемі шамамен 300×700 м. Жердің беткі қабатында қыш ыдыс сынықтары, мал сүйектері, метал сынығы шашылып жатыр. Өте көп мөлшерде қызыл түсті қыш ыдыс сынықтары кездеседі. Қызыл қыш ыдыстар сыртына тік сызықты, ирек сызықты өрнектер салынған. Шығыр ыдыстарының бөліктері бар, шамасы егіншілікпен айналысқан болса керек. Қызыл қыш ыдыспен қатар, сырлы қыш ыдыстар да қолданылған. Сырлы ыдыстарда көк түс көп қолданылған. Олар кашин балшығынан қалыпталған. Сұр балшықты қалыпты қыш ыдыс сынығы кездесті. Метал, сүйек қалдықтары, бірнеше мыс тиындар табылды. Анықталған мыс тиынның бірі – Өзбек ханның соғылымы. Сарай қаласында 1321–1322 жылдары соғылған [Ахметова және т. б. 2021: 476].

Қорытынды. «Сарайшық» музей-қорығының археологиялық экспедициясы соңғы жылдарда бірнеше учаскеде ғылыми зерттеу жұмысын жүргізді. Осы жұмыстар нәтижесінде ескерткіштердің топографиясы жөнінде, құрылыс нысанарының сәулеті туралы жаңа деректер алынды, музей қорына Жошы ұлысының қолөнері мен сауда деңгейін көрсететін бірегей заттай бұйымдар жинақталды. Археологиялық ескерткіштерді қазба салмай зерттеудің жаңа әдістері сыналды. Жалпы ауданы 29 064 ш.м. (2,9 га) аумаққа геомагниттік түсірілімдер жасады. Зерттеу жұмыстарына республикамыздың әр тарабынан ғалымдар мен реставраторлар қатысуға мүмкіндік алды. Алынған материалдар негізінде монографиялар мен ғылыми мақалалар жарияланды.

Әрине, бұл зерттеулер алдағы кезде де жалғаса беретініне сенімдіміз. Жүргізілген зерттеулер Жошы ұлысы тарихын зерттейтін болашақ зерттеушілерді қызықтырады деп үміттенеміз. Атқарылған жұмыстарға сүйене отырып, Жошы ұлысының Сарайшық қаласы Еділ бойы мен Хорезм аймағы арасындағы Жайық бойы аймағында әлеуметтік агломерация қалыптастырды деген негізгі қорытынды жасауға болады. Яғни тұрғындар ірі қала маңына топтасып қана қоймай, жақын маңдағы шағын қалаларда да оның игіліктерін пайдалана алған.

ӘДЕБИЕТ

Алексеев А.Е. О развалинах татарского города Сарайль-Джадита // Уральские войсковые ведомости. 1867. №30. С. 2–7.

Ахметова У.Т., Мұқтар Ә.Қ., Кольцов П.М., Қасенов М.С., Жунисханов А.С., Имашев Э.Ж., Тұрарұлы А., Жумабаев А.Ж. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII–XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2021 ж. арналған жылдық есебі. Ғылыми жетекшісі У.Т. Ахметова. Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2021. 165 б.

Ахметова У., Мұқтар Ә.Қ., Қасенов М.С., Ерназаров Ж., Имашев Э.Ж., Тұрарұлы А., Жумабаев А.Ж., Байғалиев Ж. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII–XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2022 жылға арналған жылдық есебі. Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2022. 191 б.

Ахметова және т. б. 2023а – Ахметова У., Мұқтар Ә.Қ., Қасенов М.С., Имашев Э.Ж., Тұрарұлы А., Жумабаев А.Ж., Байғалиев Ж., Диярова Ж. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII–XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2023 жылға арналған жылдық есебі. Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2023. 200 б.

Ахметова және т. б. 2023б – Ахметова У., Мұқтар Ә., Қасенов М., Тұрарұлы А., Жұмабаев А. Батыс Қазақстандағы Алтынорда қалалары, керуен сарайлары және керуен жолдары (XIII-XVI ғғ.). Монография. Алматы: «Болат медиа» мекемесі, 2023 158 б.

Ахметова және т. б. 2023в – Ахметова У., Мұқтар Ә., Қасенов М., Тұрарұлы А., Жұмабаев А. Жайық бойы Алтынорда қалалары (XIII-XVI ғғ.). Кітап. Алматы: «Болат медиа» мекемесі, 2023. 148 б.

Ахметова У., Мұқтар Ә.Қ., Иماشев Э.Ж., Райсова А. Тұрарұлы А., Жұмабаев А.Ж., Байғалиев Ж., Диярова Ж. «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» ғылыми бағдарламаның 2024 жылға арналған жылдық есебі. Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2024. 288 б.

Волков И.В. Отображение северного побережья Каспия на средневековых картах и сомнительность названия Лаэти для городище Актобе // Актобе-Лаэти мен Атырау қалаларының тарихы: Жаңа көзқарас. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. Алматы: Принт плюс, 2024. Б. 17-25.

Галкин Л.Л., Афанасьев В.К., Бисенов С.Б. Исследование Золотоордынского города Лаэти // Археологические открытия 1977 г. Москва, 1978.

Касенов М.С., Жұмабаев А.Ж., Тұрарұлы А. Ұшқан қаласында жүргізілген жұмыстар (2021 ж. археологиялық барлау қорытындысы бойынша) // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. Том 109. 2023. №2. 174-180 бб.

Касенов М.С. Таскешу. Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы АМУ баспасы, 2019. 105 б.

Касенов М.С. Средневековое городище Актобе Лаэти // Вестник Прикаспия. Археология, История, Этнология. Элиста, 2012. №3. С. 42-54

Мұқтар, Ә., Тұрарұлы А., Жұмабаев А. Сарайшықтағы «Хан моласын» іздеу тарихы // Отан тарихы. 2022. № 3 (99). 186-196 бб.

Муктар А.К., Ахметова У.Т., Иماشев Э. Ж. Золотоордынские караванные пути и караван-сарай на юге и Юго-западе Западного Казахстана и юге Волго-Уральского междуречья в XIII–XVI вв. // Oriental Studies. 2023. Vol. 16. Is. 5, pp. 1065-1086.

Научный отчет об археологических работах по теме «Исследование средневекового мавзолея в местности Карагайлы» 2022 года. Научный руководитель У.Т. Ахметова. Сарайшық, 2022.

Петров П.Н., Муктар А.К., Биккниев Н.Х., Жұмабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Ч. I // Материалы по археологии и истории античного и средневекового Причерноморья. 2022. № 14. С. 382-404

Петров П.Н., Ахметова У.Т., Жұмабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Ч. II // Материалы по археологии и истории античного и средневекового Причерноморья. 2023. № 15. С. 845-860

Пушкарёв А.А. Отчет о научно-исследовательской работе по теме: «Магнитная разведка на археологических памятниках в окрестностях средневекового города Сарайшык». Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2023. 32 с.

REFERENCES

Alekseev A.E. O razvalinah tatarskogo goroda Sarail'-Dzhadita // Ural'skie vojskovye vedomosti. 1867. №30, pp. 2–7. (In Russian).

Akhmetova, U., Mukhtar, A., Koltsov, P., Kasenov, M., Zhuniskhanov, A., Imashev, E., Turaruly, A., Zhumabayev, A. “Kazakstannyn batys onirindegi altynordalyk kalalar, kone keruen zholdary zhane keruen-saraylar: panaralyk zertteuler (XIII-XV gg.)” gylymi zhobanyn 2021 zhylyga arналган zhyldyk esebi [Report of the research project for 2021 “Golden Horde cities, ancient caravan routes and caravanserais in the western region of Kazakhstan: interdisciplinary research

(13th–15th centuries)»]. Saraishyk: «Saraishyk» memlekettik tarihi-mädeni muzei korygy, 2021. 165 p. (In Kazakh).

Akhmetova, U., Mukhtar, A., Kasenov, M., Ernazarov Zh., Imashev, E., Turaruly, A., Zhumabayev, A., Baigaliev Zh. “Kazakstannyn batys onirindegi altynordalyk kalalar, kone keruen zholdary zhane keruen-saraylar: panaralyk zertteuler (XIII-XV gg.)” gylmy zhobany 2022 zhyлга арналган zhyldyk esebi [Report of the research project for 2022 «Golden Horde cities, ancient caravan routes and caravanserais in the western region of Kazakhstan: interdisciplinary research (13th–15th centuries)»]. Saraishyk: «Saraishyk» memlekettik tarihi-mädeni muzei korygy, 2022. 191 p. (In Kazakh).

Akhmetova zhane t.b. 2023a – Akhmetova, U., Mukhtar, A., Kasenov, M., Imashev, E., Turaruly, A., Zhumabayev, A., Baigaliev Zh., Diarova Zh. “Kazakstannyn batys onirindegi altynordalyk kalalar, kone keruen zholdary zhane keruen-saraylar: panaralyk zertteuler (XIII-XV gg.)” gylmy zhobany 2023 zhyлга арналган zhyldyk esebi [Report of the research project for 2023 «Golden Horde cities, ancient caravan routes and caravanserais in the western region of Kazakhstan: interdisciplinary research (13th–15th centuries)»]. Saraishyk: «Saraishyk» memlekettik tarihi-mädeni muzei korygy, 2023. 200 p. (In Kazakh).

Akhmetova zhane t.b. 2023b – Akhmetova, U., Mukhtar, A., Kasenov, M., Turaruly, A., Zhumabayev, A. Batys Kazakstandagy Altynorda kalalary, keruen sarailary zhane keruen zholdary (XIII-XV gg.). Monografiya. Almaty: Bolat media mekemesi, 2023. 158 p. (In Kazakh).

Akhmetova zhane t.b. 2023c – Akhmetova, U., Mukhtar, A., Kasenov, M., Turaruly, A., Zhumabayev, A. Zhaiyk boii Altynorda kalalary (XIII-XVI ғғ.). Kitap. Almaty: Bolat media mekemesi, 2023. 148 p. (In Kazakh).

Akhmetova, U., Mukhtar, A., M., Imashev, E., Raisova A., Turaruly, A., Zhumabayev, A., Baigaliev Zh., Diarova Zh. «Altynordalyk Saraishyk, Ushkan, Ashchysai, Qaragaily eskertkishteri tarihi-mädeni mura kontekstisinde (XIII-XV gg.)» gylmy bagdarlamany 2024 zhyлга арналган zhyldyk esebi. Saraishyk: «Saraishyk» memlekettik tarihi-mädeni muzei korygy, 2024. 288 p. (In Kazakh).

Volkov I.V. Otbrazhenie severnogo poberezh'ya Kaspiya na srednevekovykh kartakh i somnitelnost nazvaniya Laeti dlya gorodishche Aktobe // Aktobe-Laeti men Atyrau qalalarynyn tarihiy: Zhana kozqaras. Halykaralyk gylmy-tazhiribelik konferenciya materialdarynyn zhinagy. Almaty: Print plyus, 2024, pp. 17-25. (In Russian).

Galkin L.L., Afanasiev V.K., Bisenov S.B. Issledovanie Zolotoordynskogo goroda Laeti // Arheologicheskie otkrytiya 1977 g. Moscow, 1978. (In Russian).

Kasenov M.S., Zhumabaev A.Zh., Turaruly A. Ushkan kalasynda zhurgizilgen zhymystar (2021 zh. arheologiyalyk barlau korytyndysy boiynsha) // KazĖU Habarshysy. Tarih seriyasy. Vol. 109. 2023. №2, pp. 174-180. (In Kazakh).

Kasenov M.S. Taskeshu. Atyrau: H. Dosmuhamedov atyndagy AMU baspasy, 2019. 105 p. (In Kazakh).

Kasenov M.S. Srednevekovoe gorodishche Aktobe-Laeti // Vestnik Prikaspiya. Arheologiya, Istoriya, Etnologiya. Elista, 2012. №3, pp. 42-54 (In Russian).

Mukhtar, A., Turaruly A., Zhumabaev A. Saraishyktagy «Khan molasyn» izdeu tarihiy [The history of the search for the "Khan's grave" in the shed] // Otan tarihiy. 2022. № 3 (99), pp. 186-196. (In Kazakh).

Mukhtar A.K., Ahmetova U.T., Imashev E. Zh. Zolotoordynskie karavannye puti i karavan-sarai na yuge i yugo-zapade Zapadnogo Kazahstana i yuge Volgo-Ural'skogo mezhdurech'ya v XIII–XVI vv. // Oriental Studies. 2023. Vol. 16. Is. 5, pp. 1065-1086. (In Russian).

Nauchnyj otchet ob arkheologicheskikh rabotah po teme «Issledovaniye srednevekovogo mavzoleya v mestnosti Karagaily» 2022 goda. Nauchnyj rukovoditel' U.T. Akhmetova. Saraishyk, 2022. (In Russian).

Petrov P.N., Mukhtar A.K., Bikkinyaev N.H., Zhumabaev A.Zh. Numizmaticheskie nahodki v srednevekovom gorode Sarajchuk po rezul'tatam arheologicheskikh issledovaniy. Ch. I // Materialy

po arheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomor'ya. 2022. № 14, pp. 382-404 (In Russian).

Petrov P.N., Ahmetova U.T., Zhumabaev A.Zh. Numizmaticheskie nahodki v srednevekovom gorode Sarajchuk po rezul'tatam arheologicheskikh issledovanij. Ch. II // Materialy po arheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomor'ya. 2023. № 15, pp. 845-860 (In Russian).

Pushkarev A.A. Otchet o nauchno-issledovatel'skoj rabote po teme: «Magnitnaya razvedka na arheologicheskikh pamyatnikah v okrestnostyah srednevekovogo goroda Sarajshuk» (Report on research work on the topic: "Magnetic exploration of archaeological sites in the vicinity of the medieval city of Sarayshyk"). Sarayshyk: «Sarayshyk» memlekettik tarihi-madeni muzei korygy, 2023. 32 p. (In Russian).

Авторлар туралы мәлімет: Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы – «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор (060707, Атырау қаласы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы, Мырзағали Қазірет-11, Қазақстан). E-mail: muktar64@mail.ru

Жумабаев Амангелді Жеңісұлы – «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғалым хатшысы, магистр (060707, Атырау қаласы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы, Мырзағали Қазірет-11, Қазақстан). E-mail: tarix212@mail.ru

Сведения об авторах: Муктар Абилсеит Капизулы – директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор (060707, город Атырау, Махамбетский район, село Сарайшык, Мырзағали сейчас-11, Казахстан). E-mail: muktar64@mail.ru

Жумабаев Амангелди Женисулы – ученый секретарь Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшык», магистр (060707, город Атырау, Махамбетский район, село Сарайшык, Мырзағали Казирет-11, Казахстан). E-mail: tarix212@mail.ru

Information about the authors: Muktar K. Abilseit – Director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve «Sarayshyk», Doctor of Historical Sciences, Professor (060707, Atyrau, Makhambet district, Sarayshyk village, Myrzagali Kazyret-11, Kazakhstan). E-mail: muktar64@mail.ru

Zhumabaev Zh. Amangeldy – Scientific Secretary of the State Historical and Cultural Museum-Reserve «Sarayshyk», Master's degree (060707, Atyrau city, Makhambet district, Sarayshyk village, Myrzagali Kazyret-11, Kazakhstan). E-mail: tarix212@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 20.03.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 10.04.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 21.04.2025